- Убедитесь, что вы не можете устранить неисправность самостоятельно (см. с. 11).
- Запустите программу повторно для проверки исправности машины.
- В противном случае обратитесь в Авторизованный Сервисный центр по телефону, указанному в гарантийном документе.

**!** Не пользуйтесь услугами лиц, не уполномоченных Производителем.  
При ремонте требуйте использования оригинальных запасных частей.

## При обращении в Авторизованный Сервисный центр сообщите:

- тип неисправности;
- номер гарантийного документа (сервисной книжки, сервисного сертификата и т.п.);
- модель машины (Мод.) и серийный номер (S/N), указанные в информационной табличке, расположенной на задней панели стиральной машины.

Другую полезную информацию и новости Вы можете найти на сайте [www.indesit.com](http://www.indesit.com) в разделе «Сервис».

KZ

Қазақша

WIUN 105

### Мазмұны

KZ

#### Орнату, 14-15

Қаптамадан алу және түзулеу  
Электр және су қосылымдары  
Бірінші жуу циклы  
Техникалық мәліметтер

#### Кір жуғыш машина сипаттамасы, 16-17

Басқару тақтасы  
Жарық диодтары

#### Бастау және бағдарламалар, 18

Қысқаша: бағдарламаны бастау тәсілі  
Бағдарламалар кестесі

#### Жекешелендірулер, 19

Температураны орнату  
Функциялар

#### Жуғыш заттар мен кірлер, 20

Жуғыш зат диспенсері  
Ағарту циклы  
Кірлерді дайындау  
Арнайы заттар

#### Сақтық шаралары мен кеңес, 21

Жалпы қауіпсіздік  
Қоқысқа тастау  
Қуатты үнемдеу және қоршаған ортаны құрметтеу

#### Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету, 22

Су мен токты өшіру  
Құрылғыны тазалау  
Жуғыш зат диспенсерін тазалау  
Құрылғы есігі мен барабанына күтім көрсету  
Сорғыны тазалау  
Судың кіріс түтігін тексеру

#### Ақаулықтарды жою, 23

#### Қызмет көрсету, 24

Техникалық қолдау орталығына хабарласпас бұрын


! Бұл нұсқаулықты кейін қарау үшін жоғалып қалмайтындай бір жерге сақтап қойыңыз. Құрылғы сатылса, тасымалданса немесе көшірілсе, нұсқаулық құрылғымен бірге болатынын қамтамасыз етіңіз, солайша жаңа иесі оның жұмысы мен мүмкіндіктерімен танысады.

! Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз: оның ішінде орнату, пайдалану және қауіпсіздік туралы ақпарат бар.

## Қаптамадан алу және түзулеу

### Қаптамадан алу

1. Кір жуғыш машинаны қаптамасынан алыңыз.
2. Кір жуғыш машина тасымалданған кезде зақымдалмағанын тексеріңіз. Зақымдалған болса, оны орнатпаңыз және сатушыға хабарласыңыз.




3. Құрылғының артқы жағында орналасқан 4 қорғаныш бұрандасын және тиісті төсемі бар резеңке тығырықты алып тастаңыз (суретті қараңыз).

4. Тесіктерді бірге берілген пластикалық тығындармен жабыңыз.
5. Барлық бөлшектерді сақтап қойыңыз: кір жуғыш машина басқа жерге тасымалданатын болса, олар керек болады.

! Қаптама материалдары балалардың ойыншығы емес.

### Түзулеу

1. Кір жуғыш машинаны қабырғаға, жиһазға, шкафқа немесе басқа затқа сүйемей, тегіс әрі қалыпты еденге орнатыңыз.




2. Еден түзу болмаса, алдыңғы аяқтарды қатайту немесе босату арқылы құрылғыны түзулеңіз (суретті қараңыз); құрылғының үстіңгі жағымен салыстырып өлшенген еңкею бұрышы 2°-тан аспауы керек.


Құрылғыны дұрыс түзулеу оған тұрақтылық береді және жұмыс істеген кезде дірілдеуіне, шуыл шығаруына және қозғалуына жол бермейді. Кір жуғыш машина бекітілген немесе бос жатқан кілемге қойылса, аяқтарын оның астында вентиляция үшін жеткілікті орын болатындай реттеу керек.

## Электр және су қосылымдары

### Судың кіріс түтігін жалғау



1. А фитингін кіріс түтігінің шетіне салып, түтікті суық су шүмегіне 3/4 газдық бұранда қосылымын пайдалана отырып бұрап жалғаңыз (суретті қараңыз). Жалғамас бұрын су тап-таза болғанша, оны ағызып алыңыз.



2. Кіріс түтігінің екінші жағын кір жуғыш машинаның артқы жағының жоғарғы оң жағында орналасқан су кірісіне бұрау арқылы жалғаңыз (суретті қараңыз).

3. Түтікте ешқандай қиылыстар немесе майысулар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.


! Шүмектегі су қысымы Техникалық мәліметтер кестесінде көрсетілген мәндер аралығында болуы тиіс (келесі бетте).

! Кіріс түтігінің ұзындығы жеткіліксіз болса, мамандырылған дүкенге немесе куәландырылған қызмет көрсету маманына хабарласыңыз.


! Қолданылған түтіктерді пайдаланушы болмаңыз.



### Ағызу түтігін жалғау



Ағызу түтігін майыстырмай, еденнен 65-100 см жоғары орналасқан ағызу құбырына немесе қабырғадағы канализация құбырына жалғаңыз;



немесе, оны ваннаға, шұңғылшаға немесе шылапшынға салып, берілген түтікті шүмекке бекітіңіз (суретті қараңыз). Түтіктің шеті су астында болмауы тиіс.

! Түтікті ұзартуға қарсымыз; бірақ басқа амалы болмаса, ұзарту түтігінің диаметрі бастапқы түтіктің диаметрімен бірдей болуы және оның ұзындығы 150 см-ден аспауы керек.

### Токқа жалғау

Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, мына жағдайларға көз жеткізіңіз:

- розетка жерге тұйықталған және қолданыстағы заңды ережелерге сәйкес келеді;
- розетка Техникалық деректер кестесінде көрсетілген құрылғының ең жоғарғы қуатына төзімді (оң жақта);
- қуат көзінің кернеуі Техникалық деректер кестесіндегі мәндер ауқымында (оң жақта);
- розетка кір жуғыш машинаның айырымен үйлесімді. Олай болмаса, розетканы немесе айырды ауыстырыңыз.

! Жабық жер болса да, кір жуғыш машинаны сыртта орнатуға болмайды, себебі құрылғыны жауын мен найзағай астында қалдыру өте қауіпті болуы мүмкін.

! Кір жуғыш машина орнатылғаннан кейін розеткаға оңай қол жеткізу мүмкін болуы тиіс.

! Бірнеше розеткалар мен ұзартқыш сымдарын пайдаланбаңыз.



! Ток сымы ешқашанда майыстырылмауы немесе қауіпті түрде қысылмауы тиіс.

! Ток сымын тек өкілетті мамандар ауыстыруы тиіс.

Ескерту! Бұл ережелер сақталмаса, компания кез келген жауапкершіліктен бас тартады.

### Бірінші жуу циклы


Құрылғы орнатылғаннан кейін және оны алғаш рет пайдаланбас бұрын, алдын ала жуу циклы жоқ 90°C бағдарламасын қолдана отырып, жуғыш зат пен кірлерді салмай-ақ, жуу циклын іске қосыңыз.

Техникалық деректері	
Үлгі	WIUN 105
Өлшемдері	ені 59,5 см биіктігі 85 см тереңдігі 33 см
Сыйымдылығы	1 - 4 кг
Электр қосылымдары	құрылғыға бекітілген техникалық деректер тақтасын қараңыз
Су қосылымдары	ең жоғары қысым 1 МПа (10 бар) ең төмен қысым 0,05 МПа (0,5 бар) барабан сыйымдылығы 27 литр
Айналыру жылдамдығы	1000 айналым/мин мәніне дейін
Қуатты есептеу бағдарламалары мына стандартқа сәйкес:	3 бағдарламасы; температура 60°C; 4 кг жүкті қолдана отырып. EN 60456
 	Бұл құрылғы төмендегі ЕО директиваларына сәйкес келеді: - 2004/108/ЕС (Электр магниттік үйлесімділік) - 2006/95/ЕС (Төмен кернеу) - 2002/96/ЕС

# Кір жуғыш машина сипаттамасы

KZ

## Басқару тақтасы



**Жуғыш зат диспенсері:** жуғыш зат және кондиционер қосуға арналған (20-бетті қараңыз).

**Жарық диодтары:** жуу циклының қай кезеңі орындалып жатқанын анықтауға арналған.

**ФУНКЦИЯ** түймелері: бар функцияларды таңдау үшін қолданылады. Таңдалған функцияға сәйкес келетін түйме жанып тұрады.

**ТЕМПЕРАТУРА** тұтқасы: температураны немесе суық жуу циклын орнатуға арналған (19-бетті қараңыз).

**БАСТАУ/ҚАЙТА ОРНАТУ** түймесі: бағдарламаларды бастауға немесе кез келген қате параметрлерден бас тартуға арналған.

**ҚОСУ-ӨШІРУ/ЕСІК ҚҰЛПЫ** жарық диоды: кір жуғыш машина қосылғанын және құрылғы есігін ашуға болатынын анықтауға арналған (17-бетті қараңыз).

**ҚОСУ/ӨШІРУ** түймесі: кір жуғыш машинаны қосуға және өшіруге арналған.

**БАҒДАРЛАМА** тұтқасы: жуу бағдарламаларын таңдауға арналған. Цикл барысында тұтқа тұрақты түрде болады.

## Жарық диодтары

Жарық диодтары маңызды ақпаратты береді.  
Олар мына жағдайларды білдіруі мүмкін:

### Орындалып жатқан цикл кезеңі:

Жуу циклы барысында орындалып жатқан цикл кезеңін көрсету үшін жарық диодтары біртіндеп жанады:



Алдын ала жуу



Жуу



Шаю



Сығу циклы

Ескертпе: ағызу кезінде Сығу циклына сәйкес келетін жарық диоды жанады.

### Функция түймелері

ФУНКЦИЯ ТҮЙМЕЛЕРІ де жарық диодтары сияқты әрекет етеді.

Функция таңдалған кезде тиісті түйме жанады.

Таңдалған функция бағдарламамен үйлесімді болмаса, түйме жыпылықтайды және функция қосылмайды.

Оған дейін таңдалған функциямен үйлесімді емес функцияны орнатсаңыз, тек соңғы болып таңдалған функция қосылады.

### ҚОСУ-ӨШІРУ/ЕСІК ҚҰЛПЫ жарық диоды:

Бұл индикатор шамы жанса, демек кездейсоқ ашылуға жол бермеу үшін құрылғы есігі құлыпталған; кез келген зақымды болдырмау үшін, құрылғы есігін ашпас бұрын жарық диодының жыпылықтауын күтіңіз.

! ҚОСУ-ӨШІРУ/ЕСІК ҚҰЛПЫ жарық диодының басқа кем дегенде бір жарық диодының жыпылықтауымен бір уақытта жылдам жыпылықтауы ақаулық бар екенін білдіреді. Техникалық көмек көрсету қызметіне хабарласыңыз.

# Бастау және бағдарламалар






KZ

## Қысқаша: бағдарламаны бастау

1. (⏸) түймесін басу арқылы кір жуғыш машинаны қосыңыз. Барлық жарық диодтары бірнеше секундқа жанады және ҚОСУ-ӨШІРУ/ЕСІК ҚҰЛПЫ жарық диоды жыпылықтай бастайды.
2. Кірлерді кір жуғыш машинаға салып, құрылғы есігін жабыңыз.
3. БАҒДАРЛАМА тұтқасын қажетті бағдарламаға орнатыңыз.
4. Жуу температурасын орнатыңыз (19-бетті қараңыз).
5. Жуғыш зат пен кондиционер қосыңыз (20-бетті қараңыз).

6. БАСТАУ/ҚАЙТА ОРНАТУ түймесін басу арқылы бағдарламаны бастаңыз. Оны доғару үшін БАСТАУ/ҚАЙТА ОРНАТУ түймесін кем дегенде 2 секунд басып ұстап тұрыңыз.
7. Бағдарлама аяқталған кезде ҚОСУ-ӨШІРУ/ЕСІК ҚҰЛПЫ жарық диоды жыпылықтайды, яғни құрылғы есігін ашуға болады. Кірлерді шығарып, барабан толығымен кебуі үшін құрылғы есігін сәл ашық қалдырыңыз. (⏸) түймесін басу арқылы кір жуғыш машинаны өшіріңіз.

## Бағдарламалар кестесі

Мата түрі және ластану дәрежесі	Бағдарламалар	Жуу темп.	Жуғыш зат		Ағарту опциясы /ағарту	Кондиционер	Цикл ұзақтығы (минут)	Жуу циклының сипаттамасы
			Алдын-ала жуу	Жуу				
<b>Мақта</b>								
Өте қатты ластанған ақ заттар (ақжаймалар, асжаулықтар және т.б.)	1	90°C	•	•	-	•	125	Алдын ала жуу, жуу циклы, шаю циклдаы, аралық және соңғы сығу циклдаы
Өте қатты ластанған ақ заттар (ақжаймалар, асжаулықтар және т.б.)	2	90°C	-	•	Нәзік/ Өдеттегі	•	115	Жуу циклы, шаю циклдаы, аралық және соңғы сығу циклдаы
Қатты ластанған ақ заттар мен тезімді түрлі түсті кірлер	3	60°C	-	•	Нәзік/ Өдеттегі	•	180	Жуу циклы, шаю циклдаы, аралық және соңғы сығу циклдаы
Қатты ластанған ақ заттар мен тезімді түрлі түсті кірлер	3	40°C	-	•	Нәзік/ Өдеттегі	•	95	Жуу циклы, шаю циклдаы, аралық және соңғы сығу циклдаы
Аз ластанған ақ заттар мен нәзік түрлі түсті кірлер (көйлектер, джемперлер және т.б.)	4	40°C	-	•	Нәзік/ Өдеттегі	•	75	Жуу циклы, шаю циклдаы, аралық және соңғы сығу циклдаы
Аз ластанған нәзік түрлі түсті кірлер	5	30°C	-	•	Нәзік/ Өдеттегі	•	65	Жуу циклы, шаю циклдаы, аралық және соңғы сығу циклдаы
<b>Синтетика</b>								
Қатты ластанған тезімді түрлі түсті кірлер (жаялықтар және т.б.)	6	60°C	-	•	Нәзік	•	75	Жуу циклы, шаю циклдаы, қыртысқа қарсы немесе нәзік сығу циклы
Тезімді түрлі түсті кірлер (аз ластанған киімдердің барлық түрлері)	6	40°C	-	•	Нәзік	•	60	Жуу циклы, шаю циклдаы, қыртысқа қарсы немесе нәзік сығу циклы
Қатты ластанған тезімді түрлі түсті кірлер (жаялықтар және т.б.)	7	50°C	-	•	Нәзік	•	70	Жуу циклы, шаю циклдаы, қыртысқа қарсы немесе нәзік сығу циклы
Нәзік түрлі түсті кірлер (аз ластанған киімдердің барлық түрлері)	8	40°C	-	•	Нәзік	•	60	Жуу циклы, шаю циклдаы, қыртысқа қарсы немесе нәзік сығу циклы
Нәзік түрлі түсті кірлер (аз ластанған киімдердің барлық түрлері)	9	30°C	-	•	-	•	30	Жуу циклы, шаю циклдаы және нәзік сығу циклы
<b>Нәзік</b>								
Жүн	10	40°C	-	•	-	•	55	Жуу циклы, шаю циклдаы, қыртысқа қарсы және нәзік сығу циклы
Өте нәзік маталар (перделер, жібек, вискоза және т.б.)	11	30°C	-	•	-	•	50	Жуу циклы, шаю циклдаы, қыртысқа қарсы немесе суды ағызу циклы
<b>ТОЛЫҚ ЕМЕС БАҒДАРЛАМАЛАР</b>								
Шаю		-	-	-	-	•	36	Шаю циклдаы мен сығу циклы
Нәзік шаю циклы		-	-	-	-	•	31	Шаю циклдаы, қыртысқа қарсы немесе суды ағызу
Сығу циклы		-	-	-	-	-	16	Суды ағызу және мықтап сығу циклы
Нәзік сығу циклы		-	-	-	-	-	12	Суды ағызу және нәзік сығу циклы
Суды ағызу		-	-	-	-	-	2	Суды ағызу

Дисплейде немесе осы кітапшада көрсетілген циклдың мерзімі тек шамамен берілген және ол стандартты жұмыс жағдайларына сәйкес есептеледі. Нақты мерзім су температурасы мен қысымы, қолданылған жуғыш зат мөлшері, салынған кірлердің мөлшері мен түрі, жүктің теңестірілуі және таңдалған кез келген опциялар сияқты ықпалдарға байланысты болады.

## Ескертпелер

Қыртысқа қарсы функциясы үшін: қарама-қарсы беттегі Оңай үтіктеу бөлімін қараңыз. Кестедегі ақпарат тек нұсқау ретінде беріледі.

## Арнайы бағдарлама

Күнделікті (Синтетикаға арналған 9 бағдарламасы) аз ластанған киімдерді аз уақытта жууға арналған: оның мерзімі – 30 минут, сондықтан қуат пен уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны орнату арқылы (9, 30°C) ең көп 3 кг салып, әртүрлі маталарды бірге жууға болады (жүн мен жібек заттарынан басқа). Сұйық жуғыш затты қолданған абзал.

## Температураны орнату

Жуу температурасын орнату үшін ТЕМПЕРАТУРА тұтқасын бұрыңыз (Ж-беттегі Бағдарламалар кестесін қараңыз). Температураны азайтуға немесе тіпті суық сумен жууды орнатуға болады (❄).

KZ

## Функциялар

Функцияны қосу үшін:

1. төмендегі кесте бойынша, қажетті функцияға сәйкес келетін түймені басыңыз;
2. тиісті түйме жанғанда функция қосылады.

Ескертпе: Түйменің жылдам жыпылықтауы бағдарлама үшін тиісті функцияны таңдау мүмкін емес екендігін білдіреді.

Функция	Әсері	Аңғартпалар	Қосылған бағдарламалары:
 Дақтарды кетіру	Кетпей қоятын дақтарды кетіруге арналған ағарту циклы.	Ағартқышты қосымша 4-бөлікке құюды ұмытпаңыз (20-бетті қараңыз). Бұл функция ОҢАЙ ҮТІКТЕУ функциясымен үйлесімді емес.	2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, Шаю циклы.
 Оңай үтіктеу	Бұл опция маталардағы қыртыысу мөлшерін азайтып, оларды үтіктеуді жеңілдетеді.	Бұл функция орнатылған кезде, 11 бағдарламалары тоқтап, кірлер суға салынып қойылады (Қыртысқа қарсы) және Шаю циклы кезеңінің жарық диоды  жыпылықтайды. - циклды аяқтау үшін БАСТАУ/ҚАЙТА ОРНАТУ түймесін басыңыз; - тек суды ағызу циклын іске қосу үшін тұтқаны тиісті таңбаға  орнатып, БАСТАУ/ҚАЙТА ОРНАТУ түймесін басыңыз. Бұл функция ДАҚТАРДЫ КЕТІРУ функциясымен үйлесімді емес.	1, 2, 9, және суды ағызу бағдарламаларынан басқа барлық бағдарламалар.
1000-500	Бұл батырманьң көмегімен сығу жылдамдығын төмендетуге болады.		11 және суды ағызу бағдарламаларынан басқа барлық бағдарламалар.

*Ескертпе:* әрбір сығу циклынан бұрын, әрбір сығудан бұрын шамадан тыс дірілдеудің алдын алу үшін барабанды жуу кезіндегі айналу жылдамдығынан сәл көбірек жылдамдықпен айналдыру арқылы жүкті біркелкі түрде таратады.

Егер, бірнеше әрекеттен кейін жүк әлі де біркелкі таратылмаса, құрылғы орнатылған жиіліктен төменірек жылдамдықпен айналдырады.

Егер жүк тым теңестірілмеген болса, құрылғы сығу орнына таратуға тырысады.


Теңестіру әрекеттері циклдың толық мерзімін ең көбі 10 минутқа ұзартуы мүмкін.

# Жуғыш заттар мен кірлер

KZ

## Жуғыш зат диспенсері

Жақсы жуу нәтижесіне қол жеткізу жуғыш заттың дұрыс мөлшеріне де байланысты болады: тым көп жуғыш зат қосылса, жуу міндетті түрде тиімдірек болмайды және шынында құрылғы ішінде қалдықтардың түзілуіне және қоршаған ортаны ластауға әкелуі мүмкін.



Жуғыш зат диспенсерін ашып, жуғыш затты немесе кондиционерді төмендегідей құйыңыз.

### 1-бөлік: Алдын ала жууға арналған жуғыш зат (ұнтақ)

Жуғыш затты салмас бұрын, қосымша 4-бөлік алынғанына көз жеткізіңіз.

### 2-бөлік: Жуу циклына арналған жуғыш зат (ұнтақ немесе сұйықтық)

Сұйық жуғыш затты жуу циклы басталмас бұрын сәл уақыт қалғанда құю керек.

### 3-бөлік: Қосындылар (кондиционерлер және т.б.)


Кондиционер сызықтан асып кетпеуі керек.

### қосымша 4-бөлік: Ағартқыш

! Қолмен жууға арналған жуғыш заттарды қолданбаңыз, себебі олар тым көп көбік түзуі мүмкін.



## Ағарту циклы

! **Әдеттегі** ағартқышты төзімді ақ маталарға, ал **нәзік** ағартқышты түрлі түсті маталарға, синтетика мен жүнге қолдану керек.



Қосымша 4-бөлікті, бірге беріледі, 1-бөлікке қойыңыз.

Ағартқышты құйған кезде ортаңғы өзекте белгіленген «max» деңгейінен асып кетпеуге назар аударыңыз (суретті қараңыз).

Ағарту циклын бөлек іске қосу үшін ағартқышты 4-бөлікке құйып, «Шаю» бағдарламасын  (мақта маталар үшін) немесе нәзік Шаю бағдарламасын  (синтетикалық маталар үшін) орнатыңыз және Дақтарды кетіру опциясын қосыңыз (19-бетті қараңыз).

Жуу циклы барысында ағарту үшін, жуғыш зат пен қолданғыңыз келетін кез келген кондиционерді құйыңыз, одан кейін қажетті жуу циклын орнатып, Дақтарды кетіру опциясын қосыңыз (19-бетті қараңыз).

Қосымша 4-бөлік пайдаланылса, алдын ала жуу циклы жұмыс істемейді.

## Кірлерді дайындау

- Кірлерді мына жағдайларға байланысты бөліңіз:
  - мата түрі/жапсырмадағы таңба.
  - түстер: түрлі-түсті киімдерді ақ киімдерден бөліңіз.
- Қалталарды босатып, босап кеткен түймелерді тексеріңіз.
- Құрғақ күй үшін берілген төмендегі салмақ шектерінен асып кетпеңіз:
  - Төзімді маталар: ең көп 4 кг
  - Синтетикалық маталар: ең көп 2 кг
  - Нәзік маталар: ең көп 1,5 кг
  - Жүн: ең көп 1 кг

### Кірлердің салмағы қандай?

- 1 ақжайма 400-500 г
- 1 жастыққап 150-200 г
- 1 асжаулық 400-500 г
- 1 монша халаты 900-1200 г
- 1 орамал 150-250 г

## Арнайы заттар

**Перделер:** перделерді бүктеп, жастыққапқа немесе тор сөмкеге салыңыз. Құрылғы жүгінің жартысынан аспай, оларды бөлек жууңыз. Сығу циклын автоматты түрде алып тастайтын 11 бағдарламасын пайдаланыңыз.

**Сырып тігілген пальтолар және жел өткізбейтін куртқалар:** олар қаз немесе үйрек мамығымен толтырылған болса, оларды кір жуғыш машинада жууға болады. Киімдердің ішін сыртқа қаратыңыз және ең көбі 2-3 кг салыңыз, шаю циклын бір немесе екі рет орындап, нәзік сығу циклын қолданыңыз.

**Кроссовқалар:** балшықтан тазартыңыз. Оларды джинсы және басқа да төзімді киімдермен, ақ киімдерден басқа, жууға болады.

**Жүн:** ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін арнайы жуғыш затты пайдаланыңыз және 1 кг-нан асырмаңыз.



! Кір жуғыш машина тиісті халықаралық қауіпсіздік ережелеріне сай өңделіп шығарылған. Төмендегі ақпарат қауіпсіздік мақсатында берілген және сондықтан оны мұқият оқып шығу қажет.

## Жалпы қауіпсіздік

- Бұл құрылғы кәсіби емес, үйде қолданылуға арналған және оның функциялардың өзгертуге болады.
- Бұл құрылғы қауіпсіздіктеріне жауапты адам құрылғыны қолдану бойынша кеңес не нұсқау бермеген жағдайда, дене, сезіну немесе ой қабілеті төмен немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдармен (оның ішінде балалармен) қолданылуға арналмаған. Балалар құрылғымен ойнамауы үшін оларды бақылау керек.
- Бұл кір жуғыш машинаны тек осы нұсқаулықтағы нұсқауларға сәйкес түрде ересек адамдар ғана пайдалануы тиіс.
- Кір жуғыш машинаны жалаң аяқ немесе қолыңыз не аяғыңыз ылғал болғанда ұстаушы болмаңыз.
- Құрылғыны розеткадан ағыту үшін ток кабелінен ұстап тартпаңыз. Айырды ұстап тартыңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде жуғыш зат диспенсерін ашпаңыз.
- Ағызылған суға тиіменіз, себебі оның температурасы өте жоғары болуы мүмкін.
- Кір жуғыш машина есігін күштеп ашпаңыз: әйтпесе, кездейсоқ ашудан қорғауға арналған қауіпсіздік құлпы механизмі зақымдалуы мүмкін.
- Ақаулық байқалса, ешбір жағдайда жөндеу жасауға тырысып, ішкі бөліктерге тиюші болмаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған кезде балаларды құрылғыдан алыс ұстаңыз.
- Құрылғы есігі жуу циклы орындалып жатқан кезде қатты қызып кетеді.
- Оны жылжыту керек болса, екі немесе үш адамның көмегімен, абайлап ұстаңыз. Мұны жалғыз өзіңіз орындаушы болмаңыз, себебі құрылғы өте ауыр.
- Кірлерді кір жуғыш машинаға салмас бұрын, барабан бос екеніне көз жеткізіңіз.

## Қоқысқа тастау

- Орама материалдарын қоқысқа тастау: ораманың қайта пайдаланылуы мүмкін болатындай жергілікті ережелерді орындаңыз.

- Ескі кір жуғыш машинаны қоқысқа тастау: құрылғыны тастамас бұрын ток сымын қиып алыңыз және құрылғы есігін шешіп алыңыз.

## Қуатты үнемдеу және қоршаған ортаны құрметтеу

### Қоршаған ортаға жайлы технология

Құрылғы есігі арқылы оның ішінде аз ғана су болғанын көрсеңіз, бұл соңғы Indesit технологиясының жетістігі, яғни ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін кір жуғыш машина су мөлшерінің жартысын ғана қолданады: қоршаған ортаны құрметтеу үшін жетілген мақсат.

### Жуғыш затты, суды, қуатты және уақытты үнемдеу

- Қор көздерін ырысап қылмау үшін кір машинаны толығымен жүктеп пайдаланған жөн. Жартылай жүктеудің орнына толық жүктеу 50%-ға дейін қуатты үнемдеуге мүмкіндік береді.
- Алдын ала жуу циклы тек өте қатты ластанған киімдерді жуу үшін қажет. Оны пайдаланбау жуғыш затты, уақытты, суды және 5-15% қуатты үнемдейді.
- Жуудан бұрын дақтарды дақ кетіргіш затпен өңдеу немесе суға салып қою жоғары температурада жуудың қажеттілігін жояды. 90°C орнына 60°C-тағы бағдарлама немесе 60°C орнына 40°C-тағы бағдарлама 50%-ға дейін қуатты үнемдейді.
- Ысырап қылмау және қоршаған ортаны қорғау үшін су қаттылығына, киімдердің ластануына және кірлердің мөлшеріне байланысты жуғыш заттың дұрыс мөлшерін пайдаланыңыз: биологиялық түрде ыдырайтын болса да, жуғыш заттар табиғаттың тепетендігіне әсер етуі мүмкін заттарды қамтиды. Оған қоса, кондиционерді мүмкін болғанша қолданбауға тырысыңыз.
- Кір жуғыш машинаны түстен кейінгі уақыттан таң атқанға дейінгі уақытта пайдалансаңыз, ток таратушы компанияның ең жоғары жүгін азайтуға көмектесесіз.
- Кірлерді кептіргіште кептіру керек болса, жоғары сығу жылдамдығын таңдаңыз. Кірлерде мүмкіндігінше аз су қалдыру кептіру үдерісі барысында уақыт пен қуатты үнемдейді.

# Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету

KZ


## Су мен токты өшіру

- Әрбір жуудан кейін су шүмегін жабыңыз. Бұл құрылғының су жүйесінің тозуын шектейді және судың ағып кетуіне жол бермейді.
- Құрылғыны тазалаған кезде және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындаған кезде оны токтан ажыратыңыз.

## Құрылғыны тазалау

Құрылғының сыртқы жақтары мен резеңкеден жасалған бөліктерін жылы сабынды сумен суланған жұмсақ шүберекпен тазалауға болады. Еріткіштерді немесе абразивті заттарды қолданбаңыз.

## Жуғыш зат диспенсерін тазалау



Диспенсерді тарту арқылы шығарып алыңыз (суретті қараңыз). Оны су ағыны астында жуыңыз; бұл әрекетті жиі қайталап тұру керек.


## Құрылғы есігі мен барабанына күтім көрсету

- Жағымсыз иістер пайда болмауы үшін құрылғы есігін әрқашан сәл ашып қою керек.

## Сорғыны тазалау


Кір жуғыш машина ешбір техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін, өзін-өзі тазалайтын сорғымен жабдықталған. Кейде кіші заттар (тиындар немесе түймелер сияқты) сорғының төменгі жағындағы, оны қорғайтын алдыңғы камераға түсіп кетуі мүмкін.

! Жуу циклы аяқталғанына көз жеткізіңіз де, құрылғыны розеткадан ағытыңыз.



Алдыңғы камераға қол жеткізу үшін:

1. бұрағыштың көмегімен, кір жуғыш машинаның алдыңғы төмен бөлігіндегі қақпақ панелін алып тастаңыз (суретті қараңыз);



2. қақпақты сағат тіліне қарсы бағытта бұру арқылы бұрап шығарып алыңыз (суретті қараңыз); кішкене су ағып кетуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай;

3. ішін жақсылап тазалаңыз;
4. қақпақты орнына бұраңыз;
5. құрылғыға итеріп салмас бұрын, ілмектері орнына мықтап отырғанына көз жеткізіп, панельді орнына қойыңыз.

## Судың кіріс түтігін тексеру

Судың кіріс түтігін кем дегенде жылына бір рет тексеріңіз. Кез келген шатынауларды байқасаңыз, дереу ауыстырыңыз: жуу циклдарының барысында су қысымы өте жоғары болады және шатынаған түтік жарылып кетуі әбден мүмкін.

! Қолданылған түтіктерді пайдаланушы болмаңыз.

Кір жуғыш машина жұмыс істемей қалуы мүмкін. Көмек көрсету қызметіне хабарласпас бұрын (24-бетті қараңыз), төмендегі тізімді қолдана отырып ақаулықты шешу мүмкін емес екендігіне көз жеткізіңіз.

KZ

## Ақаулық

## Ықтимал себептері/шешімі:

Кір жуғыш машина қосылмайды.

- Құрылғы розеткаға қосылмаған немесе түйісу үшін жеткілікті емес.
- Ток өшкен.

Жуу циклы қосылмайды.

- Құрылғы есігі дұрыс жабылмаған.
- (I) түймесі басылмаған.
- БАСТАУ/ҚАЙТА ОРНАТУ түймесі басылмаған.
- Су шүмегі ашылмаған.

Кір жуғыш машинаға су толмайды.

- Судың кіріс түтігі шүмекке қосылмаған.
- Түтік майыстырылған.
- Су шүмегі ашылмаған.
- Жүйеде су жоқ.
- Су қысымы жеткіліксіз.
- БАСТАУ/ҚАЙТА ОРНАТУ түймесі басылмаған.

Кір жуғыш машина суды толтырып, оны ағызып тұра береді.

- Ағызу түтігі еденнен 65-100 см биіктікте орналастырылмаған (15-бетті қараңыз).
  - Түтіктің бос шеті су астында (15-бетті қараңыз).
  - Қабырғадағы канализация жүйесінде сапун құбыры жоқ.
- Осы тексерулерден кейін де проблема шешілмесе, су шүмегін жауып, құрылғыны өшіріңіз де, Көмек беру қызметіне хабарласыңыз. Егер ғимараттың жоғарғы қабаттарының бірінде тұратын болсаңыз, суды ағызуға байланысты проблемалар болуы мүмкін, оның нәтижесінде кір жуғыш машина сумен толып, оны ағызып тұра беруі мүмкін. Мұндай проблеманы шешу үшін дүкендерде арнайы ағызу клапандары сатылады.

Кір жуғыш машина суды ағызбайды не сықпайды.

- Бағдарламада ағызу жоқ: кейбір бағдарламалар ағызудың қолмен қосылуын қажет етеді (18-бетті қараңыз).
- Оңай үтіктеу опциясы қосылған: бағдарламаны аяқтау үшін БАСТАУ/ҚАЙТА ОРНАТУ түймесін басыңыз (19-бетті қараңыз).
- Ағызу түтігі майысқан (15-бетті қараңыз).
- Ағызу түтігі бітелген.

Кір жуғыш машина сығу циклы барысында тым көп дірілдейді.

- Орнату кезінде барабанның бұғаты дұрыс алынбаған (14-бетті қараңыз).
- Кір жуғыш машина тұзу емес (14-бетті қараңыз).
- Кір жуғыш машина шкафтар мен қабырғалар арасына қойылған (14-бетті қараңыз).

Кір жуғыш машинадан су ағады.

- Судың кіріс түтігі дұрыс бұралып мықталмаған (14-бетті қараңыз).
- Жуғыш зат диспенсері бітеліп қалған (оны тазалау үшін 22-бетті қараңыз).
- Ағызу түтігі дұрыс мықталмаған (15-бетті қараңыз).

ҚОСУ-ӨШІРУ/ЕСІК ҚҰЛПЫ жарық диоды және кем дегенде басқа бір жарық диоды бір уақытта жылдам жыпылықтайды.

- Көмек көрсету қызметіне хабарласыңыз, себебі бұл ақаулық бар екенді білдіреді.

Тым көп көбік болады.

- Жуғыш зат кір жуғыш машинаға қолайлы емес (онда «кір жуғыш машиналарға арналған», «қолмен жууға және кір жуғыш машинаға арналған» немесе осыған ұқсас жазу болуы керек).
- Тым көп жуғыш зат қолданылған.

KZ

## Техникалық қолдау орталығына хабарласпас бұрын:

- Ақаулықты өзіңіз шеше алатыныңызды тексеріңіз (23-бетті қараңыз);
- Ақаулық шешілгенін тексеру үшін бағдарламаны қайтадан бастаңыз;
- Олай болмаса, кепілдік кезеңінде берілген телефон нөмірі бойынша өкілетті Техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

! Тек уәкілетті мамандардан көмек сұраңыз.

## Операторға мына мәліметтерді беріңіз:

- ақаулықтың түрі;
- құрылғының моделі (Мод.);
- сериялық нөмірі (С/Н).

Бұл ақпаратты кір жуғыш машинаның артқы жағына бекітілген техникалық деректер тақтасынан табуға болады.